



**Шайхова Аягөз,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының**

8 сынып оқушысы

Қазақ даласы қаншама аласапыран тарихи оқиғалардың куәсі болды. Аштықтың залалын, сталиндік қуғын-сүргінді, ұлы орыс империясының езгісін, тәуелсіздік жолындағы жалынды жастардың күресін бастан кешті. Олардың барлығында да халықты зарлатқан – аяусыз өлім, кінәсіз жаза.

Ал туылған жерін жат қолға бермеу үшін, азаттық ел атану үшін қазақ халқы шексіз көп күш сермеді, рухын биік ұстады.

Бүгінде біз дербес мемлекетпіз. Тіптен, болашағымыздан нұр көрінеді деуге болатын шығар. Біз елбасының бастауымен керегемізді кеңге созып, үкілі ақ үмітті өшірмей, дағдарысқа да төтеп бердік. Еліміздің рухани құндылықтарын: тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және тілі мен дінін сақтау жолында іс-шаралар жүргізіліп отырғанын көріп жүрміз. Елбасының халыққа үндеулерінде айтылған әрбір сөз шындыққа айналып жатыр. Экономикамыз өрлеп, әр тараптан – дырылып, жаңа мүмкіндіктеріміз көбейіп келе жатыр. Еліміздің келешек ұрпағының салауатты, зиялы болуы қамтылған. Білім беру статистикасы жоғарылап, мектептер электронды құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Ал дүние есігін ашқанға дейін де, кейін де балалардың қай-қайсына болмасын үлкен мән беріліп, елімізде «Ана мен бала» мәселесі талқыға салынып, халық санын көбейту шаралары жүргізіліп жатыр.

Еліміздің ауыз біршілігінің берік болуы. Халықтың жағдайы жасалып отырғаны – Елбасының тынымсыз еңбегінің жемісі. Бүкіл Алаштың елордасы ару қаламыз Астананың күндеп, айлап өркендей түсуі-қуантарлық жайт. Бүкіл әлем тамсанған қаланың құрылысы президенттің ұсынысынан, сенімінен басталды. 10 жыл уақыт аралығында көгілдір аспанмен бой таласқан зәулім ғимараттардың саны күрт көбейді. Олардың қатарында «Бәйтерек» монументі, «Ханшатыр», «Бейбітшілік пирамидасы», секілді ғимараттар бар. Бұл ғимараттардың ертегі қалаға ғана емес, ұлан-ғайыр қазақ даласына да өзіндік келбет сыйлары анық. Олардың бойын сіңіріп жатқан сырлары көп-ті. Мысалы, мәуелі бәйтерегіміздегі жер ананың жұмыр бейнесі көп нәрсені елестетеді.

Астанадағы көркем ғимараттар кез келген адам бойында таңғажайып пейілдер қалдырады. Біз үшін біздің астанамыз – тәуелсіздігіміздің зор жемісі, мәдениет пен дүниетаным, отандық тарихпен терең байланысқан болашақ келбеті, Алаштың бас қаласы. Қорыта келгенде,

[Введите текст]

«Гүл Астана жаңа дәуір шаһары,

Нұрлы таңы мөп-мөлдір боп атады.

Қадірлейміз, ардақтаймыз Нұр атаны

Бас иеміз, халықты жылатпады» – деген өлең жолдарымен мен «Елу жылда ел-жаңа, Жүз жылда-қазан» – деген мақалдың астарына үңілсем деймін. Мен бабаларым салған сара жолдың етегімен жүріп, зуылдап өтіп жатқан уақытқа ілесіп, бүкіл әлем шаңырағына айналған көп ұлтты Республикамыздың жарқын да кемел болашағына сене білетін Н.Ә.Назарбаевтың басқан ізімен жүріп отырамын және құдай қаласа, елімнің айтулы азаматына айналып халқыма, Отаныма бір септігімді тигізермін. Бейбіт өмір кешіп жүрген қазағымның әлемнің биік шыңына көтеріліп, бұтағын жайған бәйтерегі болатынына сенімдімін.